

«Балдзурен» бөбөрүтис-Балалардасын
менгерүшісі

« 31



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 – 2023 оқу жылына арналған «Балапан» кіші
тобының ұйымдастырылған іс әрекет перспективалық жоспары

Тәрбиешілер: Мусаева Н

Бидаулетова Н

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Балдәурен» бөбекжай - балабақшасы

Балалардың жасы: 2 жастан бастап

Топ: «Балапан» кіші тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚЫРКҮЙЕК	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: 1) Қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру. 2) Саусақтарын ашып жұму. 3) Қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу. Негізгі қимылдар: 4) Педагогтің артынан жүру. 5) Шеңбер бойымен қол ұстасып жүру. 6) Жұптасып жүру. Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: 7) Жалаушамен жаттығу. Оңға, солға бұрылуды дағдыландыру. Спорттық жаттығулар: 8) Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру жаттығуларын орындау. Спорттық ойын элементтері: 9) Доппен ойнауға үйрету. Дұрыс бастапқы калыпта тұрып, доптарды лақтыру. Дербес қимыл белсенділігі: 10) Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігін дамыту, балаларға доптармен, ойыншықтармен ойындар ойнату. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: 11) Тыныс алу жолдарын шынықтыру, түймелі жолдармен жалаң аяқ жүру. Мәдени-гигиеналық дағдылар: 12) Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. Гигиеналық шараларды орындау: жуыну, шашын тарау, қолды сабынмен жуу, қол орамалды қолдану.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау. Сөздік қор. Дыбыстардың дұрыс айтылуын, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттай білуге дағдыландыру. Байланыстырып сөйлеу. Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту.
	Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу. Ертегілерді тыңдауға қызығушылық танытуды қалыптастыру. Мәнерлеп оқу. Тактақтардың мазмұнын түсінуге және қайталап айтуға

	дағдыландыру. Мазмұндау. Ертегі кейіпкерлердің атын атауға қалыптастыру. Театр әрекет дағдыларын дамыту. Театр арқылы түсініктерін қалыптастыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары: Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы су, жер, ауа, күннің көзі туралы білімдерін кеңейту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: күзгі табиғатты, олардың қарапайым өзгерістерін бақылау дағдыларын дамыту. Өсімдіктер мен жануарлар әлемі: Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктерге қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Бала, оның отбасы, үйі: Баланың өзі және отбасы туралы түсініктерін кеңейту.
Сенсорика	Геометриялық пішіндер: Пішіні, түсі бойынша заттарды топтастыруды қалыптастыру. Заттарды қолдану дағдыларын қалыптастыру. (ұсақ қол моторикасын дамыту)
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру: Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету. Конструктор бөлшектерінен құрастыру: Конструктордан ойынға арналған мұнара құрастыру дағдыларын қалыптастыру.
Сурет салу	Сурет салу техникасын жетілдіру: 1)Түзу сызықты жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жол), парақ бетінде бейнені орналастыру. 2) Тік сызықты жүргізу арқылы (шөп) бейнесін салуға үйрету. 3) Толқын сызықты жүргізуді үйрету. (түтін) 4)Дөңгелек сызықтарды бояу (жарқыра күн көзі) арқылы бейнелеуге қалыптастыру.
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу: Ермексаздың кесектерінен түрлі пішіндегі таныс заттарды қолданып бейнелеу. Сәндік мүсіндеу: Балаларды ойыншықтарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.
Жапсыру	Заттық жапсыру: Қағаз бетіне доптарды қоюға үйрету. Сюжеттік жапсыру: Ойыншықтың пішінін қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Сәндік жапсыру: үйлерді, гүлдерді орналастыру.
Музыка	Музыка тыңдау: музыка тыңдауға қызығушылығын қалыптастыру; Ән айту: Ересекпен қосылып ән айтудағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: музыканың сүйемелдеуімен жүру және шеңбермен жүруге дағдыландыру. Билер: Шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату музыканың ырғағына сәйкес қимылдарды ауыстыру. Дидактикалық ойын: "Жапырақтар" музыканың айқын сипатына сәйкес қимылдарды орындауды үйрету. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: қарапайым әуендерді сылдырмақтармен ойнау.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс әрекеттің перспективалық жоспары**

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай –
балабақшасы МКҚК
«Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
17 қазан 2022 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	Міндеттері; негізгі қимыл түрлерін жетілдіру; жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе – теңдікті сақтау;
	Сөйлеуді дамыту	Міндеттері; Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.
	Көркем әдебиет	Міндеттері; Көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту.
	Сенсорика	Міндеттері; Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Міндеттері; Қарым – қатынас барысында бір – бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу.
	Құрастыру	Міндеттері; заттар туралы түсініктерді, құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап сезу (тактильді) зерттеу әдістерін қалыптастыру.
	Сурет салу	Міндеттері; бейнелеу өнеріне қалыптастыру.
	Мүсіндеу	Міндеттері; материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету.
	Жапсыру Музыка	Міндеттері; Желімсіз жапсыру техникасын игеру. Міндеттері; Музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.

Созак ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – балабақшасы МКҚК
«Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
01 қараша 2022 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	Міндеттері: жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту.
	Сөйлеуді дамыту	Міндеттері: Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарлығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.
	Көркем әдебиет	Міндеттері: дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту.
	Сенсорика	Міндеттері: Түрлі сенсорлық әсерлермен байыту.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Міндеттері: аты мен жынысына сәйкес өзін – өзі тануға баулу.
	Құрастыру	Міндеттері: Құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу.
	Сурет салу	Міндеттері: Балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге баулу.
	Мүсіндеу	Міндеттері: Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерін біледі.
	Жапсыру	Міндеттері: Түстерді ажыратады және оларды дұрыс атайды.
	Музыка	Міндеттері: Балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай –
 балабақшасы МКҚК
 «Балапан» кіші тобы
 Балалардың жасы: 2 жас
 01 Желтоқсан 2022 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	Міндеттері: Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп ірікет етуге дайындау.
	Сөйлеуді дамыту	Міндеттері : Балалардың сөздік қорын: Ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жихаз, көкөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен.
	Көркем әдебиет	Міндеттері : қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу.
	Сенсорика	Міндеттері : түрлі балалар әрекетінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Міндеттері : өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу. Отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.
	Құрастыру	Міндеттері: бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қояды және құрастырады.
	Сурет салу	Міндеттері: өзінің салған суреттеріне қуанады, онда не бейнеленгенін атайды.
	Мүсіндеу	Міндеттері: балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.
	Жапсыру	Міндеттері: Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың қағаз қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін үйрету.
	Музыка	Міндеттері: музыкалық шығармалардың сипатын ажыратады (баяу және көңілді әндер)

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – балабақшасы МКҚК
«Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
01 Қаңтар 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене шынықтыру	Міндеттері: Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі калыпта ұстап жүреді. Шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгертіп жүреді.
	Сөйлеуді дамыту	Міндеттері: Еңбек әрекетін (жуу,суару,күю),қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу,кию-шешу,алу-салу),адамдардың қарым-қатнасын(құшақтау, көмектесу),көңіл-күйін (куану,күлу,ренжу) білдіретін етістіктермен.
	Көркем әдебиет	Міндеттері: кітаптарға қызығушылықты дамыту.
	Сенсорика	Міндеттері: заттарды түсі,көлемі,пішіні бойынша өз бетінше зерттеу. Үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп,тапсырмаларды орындайды.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Міндеттері: Әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжерибиесін,жеке қасиеттерін калыптастыру.
	Құрастыру	Міндеттері: Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастырады және құрастырады.
	Сурет салу	Міндеттері: қағаз бетін бағдарлайды.
	Мүсіндеу	Міндеттері: мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгерген(кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алады,оларды біртұтас етіп біріктіреді, сазбалшықты өздігінен илей алады)
	Жапсыру	Міндеттері: Қағаздың қасиеттерін біледі.
	Музыка	Міндеттері: Қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын ажыратады.

Созак ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – балабақшасы МКҚК
«Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
01 Ақпан 2023 жыл

Айы ы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	Міндеттері: Спорттық жаттығуларды дамыту. Шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанауға үйрету.
	Сөйлеуді дамыту	Міндеттері: Еңбек әрекетін (жуу, суару, күйю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатнасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен Заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.
	Көркем әдебиет	Міндеттері: Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу.
	Сенсорика	Міндеттері: қимылды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгереді. Ересектердің нұсқауымен түсі, өлшемі бойынша заттарды табады.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Міндеттері: Табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту.
	Құрастыру	Міндеттері: Симметриялық пішіндерді, ою-өрнектерді орналастырады. Құрылыс материалдарынан және конструкторлардан ірі бөлшектерінен құрастыра алады.
	Сурет салу	Міндеттері: қағаз бетіне бояулармен сызықтар, жақпалар салады.
	Мүсіндеу	Міндеттері: Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.
	Жапсыру	Міндеттері: Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың қағаз қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін үйрету.
	Музыка	Міндеттері: педагогтың дауыс ырғағына, сөздердің сқзылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, жекелеген сөздер мен буындарды қосып айтады.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай –

балабақшасы МКҚК

«Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

01 Наурыз 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	Міндеттері: Спорттық жаттығуларды дамыту. Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.
	Сөйлеуді дамыту	Міндеттері: Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.
	Көркем әдебиет	Міндеттері: бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерді, авторлық шығармаларды тыңдайды. Оқылған шығармалардан жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтады.
	Сенсорика	Міндеттері: түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі қасиеттері бойынша салыстырады. Қарапайым көру-қимыл үйлесімділігін меңгерту.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Міндеттері: Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету.
	Құрастыру	Міндеттері: Қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастырады. Құрылыс материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажырата алады.
	Сурет салу	Міндеттері: Дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелейді.
	Мүсіндеу	Міндеттері: Мүсіндейтін заттарды зерттейді. Кесе, тостаған, табакты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдетеді.
	Жапсыру	Міндеттері: Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым

	әдістерін үйрету.
Музыка	Міндеттері: Әндегі сөз тіркестерін атайды, музыкалық аспаптарды ажыратады, бұрын естіген әндерін таниды.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – балабақшасы МКҚК
«Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
01 Сәуір 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене шынықтыру	Міндеттері: Жалпы дамытушы жаттығуларды дамыту. Қолдың білектерін, иық белдеуінің, арқаның бұлшық еттерін, омыртқаның иілгіш қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар жасату.
	Сөйлеуді дамыту	Міндеттері: Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру.
	Көркем әдебиет	Міндеттері: таныс шығармаларды көрнекіліксіз тыңдайды. Кітаптардағы иллюстрацияларды қарайды, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.
	Сенсорика	Міндеттері: қарапайым көру-қимыл үйлесімділігін меңгерген, көлемі, пішіні түсі бойынша ұқсас біртекті заттады топтастырады.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Міндеттері: Табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау)
	Құрастыру	Міндеттері: Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды және ойыншықтарды қолдана отырып, олармен ойнайды. Өз бетінше құрастыруға тырысады.
	Сурет салу	Міндеттері: қағаздың қасиеттерін біледі.
	Мүсіндеу	Міндеттері: Дайын болған бұйымдарды тұғырға орналастырады, жұмыстан кейін материалдарды жинастырады.
	Жапсыру	Міндеттері: Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.
	Музыка	Міндеттері: ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды (шапалақтайды, аяқтарын тарсылдатады, қолдың білектерін айналдырады)

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – балабақшасы МКҚК
«Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
01 Мамыр 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	Міндеттері: Қимылды ойындарды дамыту. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру.
	Сөйлеуді дамыту	Міндеттері: Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (кім? Не? Не істеді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.
	Көркем әдебиет	Міндеттері: Ойындарда кейіпкерлердің бейнелерін қарапайым түрде бере алады. Педагогтың көмегімен шағын тапқартарды қайталап айтады.
	Сенсорика	Міндеттері: заттардың көлемі, түсін және пішінін білдіретін сөздерді түсінеді. Түсі, көлемі пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттейді және салыстырады.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Міндеттері: құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау.
	Құрастыру	Міндеттері: қорапқа құрылыс бөлшектерін жинастырады. Табиғи материалдармен (құм, су, тас) ойнайды, тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды.
	Сурет салу	Міндеттері: қағазға және құмға сурет салудың бастапқы техникасын меңгереді.
	Мүсіндеу	Міндеттері: Мүсінделген заттардың пішіндерін таныс заттармен салыстырады.
	Жапсыру	Міндеттері: Қағазды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу) біледі
	Музыка	Міндеттері: Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсетеді (қоян секіреді, құс ұшады. Музыкалық ырғақты қимылдарда: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеуді орындайды.